



ҚАУЛЫ

2017 жылғы 27 шілдедегі

Қарабалық қауымы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 243

поселов Карабалык

**Білім беру ұйымдарын қайта
атау және Жарғыны бекіту
туралы**

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42 – бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 6 наурыздағы № 109 «Қостанай облысының білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарына атау беру мен қайта атау туралы» қаулысына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қарабалық ауданының әкімдігі білім бөлімінің балалар өнер мектебі» мемлекеттік мекемесі «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сералы Қожамқұлов атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің № 3 Қарабалық орта мектебі» мемлекеттік мекемесі «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. Ұсынылған «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сералы Қожамқұлов атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің;

«Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғылары бекітілсін.

3. «Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сералы Қожамқұлов атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жарғыларының мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарабалық ауданы әкімінің орынбасары Қ. Б. Мыржақыповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарабалық ауданының әкімі



К. Габаулин